

Психологиялық ағарту жұмысының анықтамасы

Күні: 26.09.2025 ж.

Тақырыбы: *«Мектепке алғашқы қадам»*

Мақсаты:

1. Оқушылардың мектеп өміріне бейімделуін жеңілдету;
2. Балалардың өзін-өзі тануына және басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Жаңа ортада жағымды эмоционалдық жағдай қалыптастыру.

Қатысушылар: 1 «В» сынып оқушылары

Форматы: *Тренинг*

Жұмыс барысы:

Тренинг барысында оқушылардың бір-бірімен танысуына және жағымды психологиялық орта қалыптастыруға бағытталған бірқатар жаттығулар өткізілді. Бастапқыда «Шеңберге жиналайық» жаттығуы арқылы балалар бір-бірімен танысып, топ ішінде сенімді атмосфера орнатуға мүмкіндік алды.

Одан кейін «Мен мектепке не үшін келдім?» ойыны арқылы оқушылар сұраққа жауап беру арқылы «Мен әріптерді үйренуге келдім», «Мен оқуды үйренуге келдім», «Достар табуға келдім» т.б. жаңа ортада жағымды эмоцияларын білдіріп, жылы қарым-қатынас орнату көзделді. Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру және көңіл күйін сергіту мақсатында «Көңілді қимылдар» сергіту жаттығуы жүргізілді.

Топтық жұмыс шеңберінде «Біздің ортақ суретіміз» тапсырмасы арқылы балалардың ынтымақтастықта әрекет етуі, бір-бірін тыңдау және қолдау көрсету дағдылары дамытылды.

Соңында рефлексия ұйымдастырылып, балалардан ауызша кері байланыс алынды.

Ұсыныстар:

Сынып жетекшілерге оқушылардың мектепке бейімделу процесін әрі қарай қолдап, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру ұсынылады. Сонымен қатар, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне мән беріп, мектеп өміріне белсенді қатысуына жағдай жасалуы қажет.

Қорытынды:

Тренинг барысында оқушылар белсенділік танытып, ұсынылған тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Топ ішінде жағымды эмоционалдық орта қалыптасты. Оқушылардың мектепке бейімделу деңгейі жақсы, бір-бірімен еркін қарым-қатынас орната алатыны

байқалды. Бір оқушының оқу үлгеріміне бейімделуі төмендеу. Мектепке және оқу процесіне деген қызығушылықтары жақсы.



Педагог-психолог: Адамбекова К.Ш.

